




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР САЯСАТЫ

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК "ҚазҰӨУ" РММ	1-нұсқа: 27.03.2020
	<b>ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР САЯСАТЫ</b>	1-бет

## 1 Жалпы ережелер

1.1 Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Университет) өз жұмысында өзінің барлық қызметкерлері мен білім алушылары үшін тең мүмкіндіктер беру қағидатын ұстанады.

1.2 Университет қызметкерлер мен білім алушыларды олардың нәсілдік, ұлттық, туыстық қатыстылығы, діні, жасы, жынысы бойынша, шектеулі еңбекке қабілеттілігі мен ерекше қажеттіліктері бойынша тікелей немесе жанама кемсітуге жол бермейді.

1.3 Университет кемсітушілікке және қысымшылыққа ұшыраған қызметкерге немесе білім алушыға қолдау көрсетуге дайын.

## 2 Саясат принциптері

2.1 Тең мүмкіндіктер саясаты – бұл адамдарға әділ және ашық көзқарас, Университетте, жалпы тұтастай алғанда мәдени әртүрлілік пен адамның қадір-қасиетін көтермелейтін және бағалайтын жағдайлар жасау. Бұл кемсітушіліктің кез-келген түрін болдырмауға мүмкіндік береді.

2.2 Университет қызметкерлер мен білім алушылардың нәсілдік, ұлттық және туыстық тиістілігіне, дініне, жасына, жынысына, шектеулі еңбекке қабілеттілігіне және ерекше қажеттіліктеріне қарамай олардың қабілеттері, біліктілігі, абыройы мен әлеуеті негізінде ғана бағаланатын жағдайларды жасауға ұмтылады.


2.3 Университет басшылығы барлық қызметкерлер мен білім алушылардан бір-біріне құрметпен және түсіністікпен қарауды, ашықтық пен адалдықты көрсетуді, мінез-құлық этикасына сәйкес әрекет етуді талап етеді.

2.4 Университет мынадай қағидаттарға тең қарым-қатынасты ұстанады:

- Нәсілдік және ұлттық тиістілік;
- Туыстық және аймақтық тиістілік;
- Діни тиістілік;
- Отбасылық жағдай;
- Жынысы және гендерлік сәйкестік;
- Жасы;
- Шектеулі еңбек қабілеттілігі;
- Ерекше қажеттіліктер;
- Қоғамдық ұйымдарға мүшелік;
- Саяси сенімдер;
- Әлеуметтік-экономикалық жағдай.

## 3 Тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету

3.1 Білім алушыларды қабылдау бакалавриатқа, магистратураға және докторантураға Қабылдау туралы ережелерге сәйкес Ұлттық бірыңғай

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК "ҚазҰӨУ" РММ	1-нұсқа: 27.03.2020
	ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР САЯСАТЫ	2-бет

тестілеудің (ҰБТ) және шығармашылық емтихандардың нәтижелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3.2 Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3.3 Тең мүмкіндіктер саясаты қағидаттарының бірі бұзылған жағдайда, білім алушы кураторға, кафедра меңгерушісіне, деканға немесе оқытушылардың кез келгеніне хабарлайды. Бұзушылық жағдайларын факультет деканы қарайды. Жүйелі бұзушылықтар болған кезде осы бұзушылыққа жол берген адамдар жазалау шаралары туралы ұсынымдар шығаратын әлеуметтік-тәртіптік комиссияның отырыстарына шақырылады.

3.4 Егер бұзушылық қызметкерлер арасында орын алса, бұзушылықты қызметкер жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшенің басшысы қарайды. Қайталап бұзған жағдайда Университет ректорына хабардар етеді. Оның шешімі бойынша қызметтік тергеу жүргізіледі, оның нәтижелері тәртіптік комиссияда қаралады.

3.5 Әлеуметтік-тәртіптік және тәртіптік комиссиялардың қызметі осы Комиссиялар туралы ережелердің негізінде ұйымдастырылды.

3.6 Тәртіптік жазалау шаралары туралы шешімді ректор әлеуметтік-тәртіптік және тәртіптік комиссиялардың ұсынымдары негізінде шығарады.

#### **4 Құжатты қайта қарау**

4.1 Осы құжат бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңасымен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

4.2. Өзгерістер мен толықтыруларды Ғылыми кеңес Университет бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде құжатқа енгізуі мүмкін.